

"Көмірсүтектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндеттін атқарушының 2022 жылғы 29 қарашадағы № 387 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2022 жылғы 30 қарашадағы № 96 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 204 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 1 маусымдағы № 94 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 маусымда № 32653 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Көмірсүтектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндеттін атқарушының 2022 жылғы 29 қарашадағы № 387 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2022 жылғы 30 қарашадағы № 96 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30854 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Көмірсүтектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі – көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензиясы бар лицензиаттар;

2) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) біліктілік талаптары – өтініш берушінің және лицензиаттың жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру кезінде де, оның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңінде де қойылатын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштер жиынтығы;

4) болмашы бұзушылықтар – қондырғыларды, машиналарды, тетіктерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді, енбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; қоршаған ортаны қорғау, метрологиялық бақылау; технологиялық процесті және берілген сападағы өнімді

шығаруды сақтау, магистральдық құбырларды пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болмауына байланысты бұзушылықтар;

5) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

6) елеулі бұзушылықтар – біліктілік құрамының сәйкесіздігіне, бекітілген бағдарламалар мен жоспарлардың болмауына, мемлекеттік органдар мен ұйымдардан занды тұлға-лицензиат қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) қосымшаларды қайта ресімдемеу туралы мәліметтердің болуына, қондырғыларды, машиналарды, тетіктерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді, еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, метрологиялық бақылауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болмауына байланысты бұзушылықтар;

7) лицензиат – лицензиясы бар жеке немесе занды тұлға, сондай-ақ қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік занды тұлғаның филиалы;

8) лицензия – лицензиар жеке немесе занды тұлғаға, сондай-ақ қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік занды тұлғаның филиалына қауіптіліктің жоғары деңгейімен байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға беретін бірінші санаттағы рұқсат;

9) лицензияланатын қызмет түрі – айналысу үшін осы Занға сәйкес лицензия алу талап етілетін қызмет түрі (белгілі бір әрекет (операция, сақтандыру сыныптары);

10) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі – бір лицензия аясында тиісті лицензияланатын қызмет түрін нақтылау;

11) өрескел бұзушылықтар – меншік құқығында немесе өзге де занды негізде технологиялық регламенттің, өндірістік базаның, қажетті аспаптар мен жабдықтардың, қоймалардың, зертханалардың болмауына байланысты бұзушылықтар;

12) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және занды тұлғалардың занды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

13) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге

бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындаі бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

14) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

15) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелерін жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштің жиынтығы;

16) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары.";

10 және 11-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының уран өндіру саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері пайдаланылады.

11. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін және субъективті өлшемшарттар (SC) бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қосу жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Рарал = $SP + SC$, мұнда

Рарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу әрбір мемлекеттік бақылау саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша

жүргізіледі. Бұл ретте бір мемлекеттік бақылау саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемен) құрайды.

Алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы өлшемшарттың 10-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде, бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті колданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті колданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні бақылау субъектісін мынадай тәуекел дәрежесінің біріне жатқызу үшін негіз болып табылады:

1) жоғары тәуекел дәрежесі – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейінгі болған кезде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) орташа тәуекел дәрежесі – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 30-да 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде және оған қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізіледі, бірақ ең көбі екі жылда бір рет;

3) төмен тәуекел дәрежесі – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ды қоса алғанға дейінгі болған кезде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-те дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші;

w_i – x_i субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы;

n – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формуланы пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\min}}{R_{\max} - R_{\min}},$$

R – жеке бақылау субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (корытынды),

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең тәменгі ықтимал мән (шәкілдің тәменгі шекарасы),

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Көмірсутектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты біліктілік талаптарына сәйкестікке қойылатын талаптардың бұзушылық дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшаларда келтірілген.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жиілігін жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау органы, бірақ ең көбі жылына бір рет айқындайды.

Алынатын мәліметтер талдауы және көрсеткіштер бойынша бағалау есепті жылғы 1 қарашадан 15 желтоқсанға дейінгі кезеңде жылына бір рет жүргізіледі.

Егер бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізілген болса, соңғы біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексерудің аяқталу күнінен кейінгі күннен бастап жүргізілетін талдаудың басталуына дейінгі кезең талданатын кезең болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартышылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру графиктері субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар бақылау субъектілерінің басымдығын ескере отырып жасалады.

Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексерудің жылдық графигі негізінде жүргізіледі.";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Көмірсүтектер саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігіне бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Көмірсүтектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

A. Куантыров

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

A. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика
және арнайы есепке
алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 1 маусымдағы

№ 94 мен

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

2023 жылғы 31 мамырдағы
№ 204 Бірлескен бүйрыққа
1-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

"Көмірсүтектерді барлау және өндіру кезінде құрлықта, тенізде және ішкі су айдындарында ұнфымаларды бұрғылау" қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Занды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның колымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің колымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/көйманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі бұрғылау қондырғысының бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі бұрғылау сорғысының бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі шығарындыға қарсы жабдықтың бар болуы	Өрескел
6	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі бұрғылау	Өрескел

	ерітіндісін дайындау, циркуляциялау және тазалау торабының бар болуы	
7	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) қоршаган органды қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
8	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Бірлескен бұйрыққа
2-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

"Көмірсүтектер кен орындарына арналған базалық жобалау құжаттарын жасау және көмірсүтектер кен орындарын игеруді талдау" қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі гимараттың немесе тұргын емес үй-жайдың (кенсенің) бар болуы	Өрескел
	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі кен	

2	<p>шоғырларының құрылымын, стратиграфиясын және қасиеттерін сипаттауды көздейтін мұнай және газ кен орындарын геологиялық модельдеу бойынша көмірсүтектер саласында жобалауға арналған лицензиялық бағдарламалық қамтылымның бар болуы</p>	Өрескел
3	<p>Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі көмірсүтектерді өндіру көлемін әзірлеу және болжау жүйесін жобалау үшін мұнай және газ қабаттарын (кен шоғырларын) гидродинамикалық модельдеу бойынша көмірсүтектер саласында жобалауға арналған лицензиялық бағдарламалық қамтылымның бар болуы</p>	Өрескел
4	<p>Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі мамандандырылған техниканың және (немесе) жабдықтың (компьютерлер, принтер, плоттер (суреттерді, схемаларды, күрделі сызбаларды, карталарды және көлемі A0 немесе калькаға дейінгі қағаздағы басқа да графикалық ақпаратты үлкен дәлдікпен автоматты түрде сыйзуға арналған құрылғы) бар болуы</p>	Өрескел
5	<p>Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі кәсіпшілік зерттеулерге арналған жобалау үшін пайдаланылатын ұнғыма аспаптарының (терендік сымамаларды іріктеу, қабаттық қысым мен температураны өлшеу) бар болуы</p>	Өрескел
6	<p>Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ұнғымадағы түсіру-көтеру операцияларына арналған жобалау үшін пайдаланылатын қондырғының (шығырдың) бар болуы</p>	Өрескел
	<p>Біліктілік құрамының болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жұмыс берушінің бүйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар 	

7	<p>және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл;</p> <p>2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман</p>	Елеулі
---	---	--------

Бірлескен бұйрыққа
3-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік талаптарына
сайкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
3-қосымша

**"Көмірсүтектер кен орындарына арналған техникалық жобалау құжаттарын жасау"
қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге
лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі**

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ғимарат немесе тұрғын емес үй-жайдың (кеңсенің) бар болуы	Өрескел
2	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ұнғымаларды бұрғылауды жобалау (ұнғымаларды өткізу, қысым градиенттерін және гидродинамикалық сипаттамаларды есептеу, бұрғылау және шегендеу бағаналарын есептеу, цементтеу процесін есептеу) бойынша көмірсүтектер саласында жобалауға арналған лицензиялық бағдарламалық қамтылымның бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі мамандандырылған техниканың және (немесе) жабдықтың (компьютерлер, принтер, плottter (суреттерді, схемаларды, курделі сызбаларды, карталарды және көлемі A0 немесе калькага дейінгі	Өрескел

	кағаздағы басқа да графикалық ақпаратты үлкен дәлдікпен автоматты турде сзыға арналған күрылғы) бар болуы	
4	<p>Біліктілік құрамының болуы:</p> <p>1) жұмыс берушінің бүйіркышмен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл;</p> <p>2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман</p>	Елеулі

Бірлескен бүйіркұқа

4-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік таланттарына
сәйкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына

4-қосымша

"Теніздегі көмірсүтектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар" қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілеттің қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Занды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік	Өрескел

	базаның (өндірістік үй-жайдын/ койманын/цехтың) бар болуы	
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі кемінде еki тәнізде мұнай жинау құрылғысының бар болу	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі кемінде еki қалқымалы резервуардың бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі кемінде еki бондық бөгеттің бар болуы	Өрескел
6	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) коршаған ортаны қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
7	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Бірлескен бұйрыққа
5-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
5-қосымша

"Көмірсүтектерді барлау және өндіру кезіндегі геофизикалық жұмыстар" қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Занды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның колымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің колымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондыргыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/көйманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі тереңдік сынамаларды іріктеу үшін ұнғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі қабаттық қысымды өлшеу үшін ұнғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі температуралы өлшеу үшін ұнғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел
6	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі акустикалық каротаж аспаптарының бар болуы	Өрескел
7	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі электрлік каротаж аспаптарының бар болуы	Өрескел
8	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі радиоактивті каротаж аспаптарының бар болуы	Өрескел
	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондыргыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану	

9	<p>және оларға техникалық қызмет көрсету;</p> <p>2) еңбек қауіпсіздігі және онеркәсіптік қауіпсіздік;</p> <p>3) коршаган ортаны қорғау;</p> <p>4) метрологиялық бакылау</p>	Елеулі
10	<p>Біліктілік құрамының болуы:</p> <p>1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл;</p> <p>2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман</p>	Елеулі

Бірлескен бұйрыққа
6-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
6-қосымша

"Көмірсүтектерді барлау және өндіру кезінде ұнғымаларды жер астында жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою" қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	<p>Занды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның колымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің колымен күэландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырылғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы</p>	Өрескел

2	Лицензияга қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдын/көйманын/цехтың) бар болуы	Өреспел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ұнғымаларды жөндеу, сынау, игеру, сынамалау, консервациялау, жою жөніндегі көтергіш кондырғының бар болуы	Өреспел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі шығарындыға карсы жабдықтың бар болуы	Өреспел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі сорғы агрегатының бар болуы	Өреспел
6	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі ыдыстың бар болуы	Өреспел
7	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) коршаған органды қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
8	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бүйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Бірлескен бүйрыққа

7-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау

"Көмірсүтектерді барлау және өндіру кезінде ұнғымаларды цементтеу" қызметтің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілеттің қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Занды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзгеде занды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/көйманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзгеде занды негіздегі кеміндегі екі мамандандырылған цементтеу агрегаттың бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзгеде занды негіздегі ыдыстың бар болуы	Өрескел
5	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспалтарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) коршаған органды қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бүйрекімен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында	

6	<p>жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл;</p> <p>2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман</p>	Елеулі
---	--	--------

Бірлескен бұйрыққа
8-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
8-қосымша

"Көмірсүтектерді барлау және өндіру кезіндегі кәсіпшілік зерттеулер" қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Занды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен қуәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырылғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/қойманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі тереңдік сынамаларды іріктеу үшін ұнғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел

4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі қабаттық қысымды өлшеу үшін ұнғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі температураны өлшеу үшін ұнғымалық аспаптардың және жабдықтың бар болуы	Өрескел
6	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі түсіру-көтеру операцияларына арналған қондырғының (шығырдың) бар болуы	Өрескел
7	Мыналарды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) коршаған органды қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
8	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бүйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Бірлескен бүйрықта
9-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
9-қосымша

"Көмірсүтектерді барлау және өндіру кезіндегі сейсмикалық барлау жұмыстары" қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Занды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландарылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/қойманың/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі сейсмикалық станцияның бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі сейсмикалық барлау жабдықтарының бар болуы	Өрескел
5	Қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) коршаган ортаны қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бүйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар	

6	<p>және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл;</p> <p>2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман</p>	Елеулі
---	---	--------

Бірлескен бұйрыққа
10-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік талаптарына
сайкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
10-қосымша

**"Көмірсүтектерді барлау және өндіру кезінде ұнғымалардағы атқылау-жару жұмыстары"
қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге
лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі**

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	<p>Занды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куәландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырылғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы</p>	Өрескел
2	<p>Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/қойманың/цехтың) бар болуы</p>	Өрескел
3	<p>Рұқсаттың не жарылғыш заттарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға рұқсаты бар үйиммен жасалған шарттың бар болуы</p>	Өрескел

4	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі перфорациялық жабдықтың бар болуы	Өрекел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі қойманың немесе жарылғыш заттарды сактауга арналған қоймасы бар мамандандырылған ұйыммен шарттың бар болуы	Өрекел
6	Қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) қоршаған ортаны қорғау; 4) метрологиялық бақылау	Елеулі
7	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бүйірігімен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман	Елеулі

Бірлескен бұйрыққа
11-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
11-қосымша

"Көмірсүтектерді барлау және өндіру кезінде мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұнғымалардың өнімділігін ұлғайту" қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі

1	<p>Занды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен күзеландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы</p>	Өрескел
2	<p>Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдын/қойманын/цехтың) бар болуы</p>	Өрескел
3	<p>Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі кемінде еki сорғы агрегаттың бар болуы</p>	Өрескел
4	<p>Қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) көршаган ортаны қорғау; 4) метрологиялық бакылау 	Елеулі
5	<p>Біліктілік құрамының болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман 	Елеулі

Бірлескен бұйрыққа

12-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы

біліктілік талаптарына
сәйкестігіне бақылау
саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
12-қосымша

**"Мұнай-газ-химия өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне көмірсүтектер
саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға
қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі**

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Занды тұлғалар үшін – өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолымен және мөрімен (бар болса), жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің қолымен куэландырылған, негізгі пайдаланылатын қондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарды) орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің бар болуы	Өрескел
2	Лицензияға қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі өндірістік базаның (өндірістік үй-жайдың/көйманиң/цехтың) бар болуы	Өрескел
3	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі негізгі технологиялық қондырғылар мен жабдықтың бар болуы	Өрескел
4	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі мұнай-химия өндірісі үшін қажетті коймалардың бар болуы	Өрескел
5	Меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздегі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген зертхананың немесе өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертханамен қызмет көрсету шартының бар болуы	Өрескел

6	<p>Қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы:</p> <p>1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету;</p> <p>2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік;</p> <p>3) коршаган ортаны қорғау;</p> <p>4) метрологиялық бақылау;</p> <p>5) технологиялық процесті және берілген сападағы өнімдерді шығаруды сақтау</p>	Елеулі
7	<p>Біліктілік құрамының болуы:</p> <p>1) жұмыс берушінің бүйрығымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл;</p> <p>2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және көмірсүтектер саласында практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл болатын 3 маман</p>	Елеулі

Бірлескен бүйрыққа

13-қосымша

Көмірсүтектер саласындағы

біліктілік талаптарына

сәйкестігіне бақылау

саласындағы тәуекел дәрежесін

бағалау өлшемшарттарына

13-қосымша

"Магистральдық құбыржолдарды пайдалану" қызметінің кіші түріне көмірсүтектер саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия алған лицензиаттарға қатысты талаптарды бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негізделген магистральдық құбырдың бар болуы	Өрескел
2	Қызметтің кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын магистральдық құбырды пайдалануды қамтамасыз ететін меншік	Өрескел

	күккүндағы немесе өзге де заңды негіздегі аспаптар мен жабдықтың бар болуы	
3	Меншік күккүндағы немесе өзге де заңды негіздегі магистральдық құбырларды техникалық диагностикалау үшін диагностикалық аспаптардың бар болуы	Өрескел
4	Меншік күккүндағы немесе өзге де заңды негіздегі магистральдық құбырларға техникалық қызмет көрсету үшін бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдар мен жабдықтардың бар болуы	Өрескел
5	Заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып, жұмыс істеп тұрган өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бекітілген бағдарламалардың бар болуы	Өрескел
6	Жөндеу жұмыстарын орындау жоспарларының (бағдарламаларының) бар болуы	(Өрескел
7	Қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың болуы: 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды тиісінше пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету; 2) еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік; 3) қоршаған ортаны қорғау; 4) метрологиялық бақылау; 5) магистральдық құбырларды пайдаланудың технологиялық процесін сақтау	Елеулі
8	Біліктілік құрамының болуы: 1) жұмыс берушінің бүйіріғымен тағайындалған техникалық басшы – көмірсүтектер саласында жоғары техникалық білімі бар және көрсетілген салада практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; 2) көмірсүтектер саласында жоғары техникалық немесе арнаулы орта білімі және	Елеулі

көмірсүтектер саласында
практикалық жұмыс тәжірибесі
кемінде 2 жыл болатын 3 маман

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК